Құрметті Саясат Нұрбекұлы! Құрметті әріптестер!

Бүгінгі таңда еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының драйвері – адам капиталы. Ғалымдардың жас буыны Жаңа Қазақстанда экономика дамуына қажет ғылыми жобаларды іске асыруға міндетті.

Қазіргі уақытта елімізде жас ғалымдар үшін көп жағдай жасалып жатқанын білесіздер: ғылыми зерттеулерді қаржыландыру артып, арнайы байқаулар өткізілуде. Ел Президентінің тапсырмасы бойынша биылдан бастап 500 қазақстандық ғалым әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуге аттанды, олардың арасында Қазақстанның ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарынан жас ғалымдар да аз емес.

Жас ғалымдарға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау өте үлкен. Бұған жыл сайын көз жеткізіп келеміз. Елімізде ғалымдардың еңбегі бағаланып, қоғамға үлгі ретінде ұсынылып жатқанына қуаныштымын. Жас ғалымдар үшін үшінші мәрте гранттық қаржыландыру конкурсы өткізілді, Жас ғалым бойынша 314+137 451 әріптестеріміз ұтып алды. Постдокторантура бойынша 70 жоба іске асып келеді. Соңғы жылдары ұйымдастырылған барлық гранттық конкурстардың құжаттарына өз ұсыныстарымызды бердік. Бұл жобаларды іске асыру арқылы жас зерттеушілер жаңа дағдылар мен құзыреттіліктерді, көшбасшылық және топта жұмыс істеу тәжірибесін алатыны анық, олардың жарияланым белсенділігін арттыруға және жалпы шығармашылықты қалыптастыруға мүмкіндік алады. 2000 аса зерттеушілер жобаны іске асыруға қатысады.

Ғылымдағы жаңалықтармен алмасу мақсатында әлеуметтік желілерде - фейсбукте және инстаграмда - Жас Ғалымдар Кеңесі атты парақшаларымыз бар. Оларға 5000 аса жас ғалымдар тіркелген. ЖОО мен ҒЗИ кеңестерімен байланыс (55 мекемемен) орнатылды, ақпарат алмасу үшін қолайлы жағдай жасалды, жалғасын табады.

- Барлықтарыңызға мәлім - министрлік жанындағы Жас ғалымдар кеңесі бар, кеңесте 24 мүшесі бар, кеңес құрамынан жасы және басқадай жағдайларға байланысты 11 адам шықты, сол себепті жаңа мүшелерді алу жоспарлануда. Сонымен қатар, министрлік жанындағы кеңесті Республикалық жас ғалымдар кеңесі деп құжатты қайта бекіту ұсынылады. Немесе Ғылым және жоғарғы білім министрлігі жанындағы Жас ғалымдар кеңесін жеке заңды тұлға ретінде тіркеу не Армения мен Тәжікстан және т.б. мемлекеттер сияқты Ұлттық ғылым академиясы құрамында қаржыландыру тетіктерін шешу ұсынылады: яғни, ұрпақтар сабақтастығы сақталады, ел экономикасын дамыту үшін тың зерттеулер жүргізуге мүмкіндік болады.
- Осы орайда Ғылыми зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары жанындағы кеңестердің төрағалары, орынбасарлары мен хатшыларын штаттық кестеге ресми еңгізу.

- Саннан сапа болатынын бәріміз білеміз. Сол себепті соңғы жылдары жыл сайын докторантураға 2000 жуық грант бөлінеді, ал қорғауға шығып жатқандар саны 25 пайызға жетер-жетпес. Мысалы, Жас ғалымдар кеңесінің ұсынысы бойынша әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы докторанттардың қорғауға шығуға қойылған талаптарды қайта қарастырып, жарияланымдарын жасау бойынша баламалы нұсқалар қарастырылды, бұл аздық ететіні анық, осы мысалды басқа салалық бағыттарда да қарастырса болады. Жыл сайын докторантураға қабылдау кезінде үлкен науқан болады, орындар игерілмей бос қалып, ЖОО қабылдау комиссиялары өз бағаларын алып жатады: біздің ойымызша, 2000 грант санын үш есеге азайтып, бір грант құнын 3 есе арттыру мүмкіндігін қарастыру қажет: себебі, оқудың ең басты бөлігі – шетелдік тағылымдама және оның ұзақтығы. Қазіргі билет құнын, валютаға теңгені шаққандағы үлесі соңғы жылдары өзгерместей өсті. Кезінде тіптен 6 ай тағылымдамаға жететін қаражат 1 айға да жетпейді. Және, екінші жағы, ғылымға икемі бар тұлғалар, конкурстың нәтижесінде сұрыпталып өткендері ғана – докторант атану қажет. Яғни, конкурс болу шарт. Өз өмірін ғылыммен байланыстыратын адамдар ғана тек статистика болып қалмай нәтижелі оқу қажет.
- Жас ғалымдар кеңесі бойынша қаржыландырумен және заңды статусы бойынша сұрақтар шешілсе, жылына бір мәрте Республикалық форум өткізуді қарастыру: форумда жас ғалымдар конкурстарының нәтижелерін көрсетіп, коммерциаландыруға дайын жобаларды анықтау және де формалды емес жағдайда танысу, ғылыми байланыс орнату, шетелдік әріптестерді шақырту арқылы да жаңа ғылыми бағыттар бойынша жоспарлар құру. Осы айтылғандардың бәрі Жас ғалымдар туралы типтік ережеге еніп, барлық мекемелерге таратылу қажет.

Жас ғалымдарды ынталандыру мақсатымен жылына талантты жас ғалымдарға бөлінетін стипендия мөлшерін 100 АЕК дейін ұлғайту мүмкіндігін қарастырсақ және жыл сайынғы Д.Қонаев атындағы сыйақыны тағайындау мәселесінде жас зерттеушілер бойынша шешім қабылданса екен: өткен жылы ешкімге берілмеді. Д.Қонаев атындағы сыйақының берілмеуі көптеген жастардың түсінбеушілігін туғызды.

Жер қойнауын пайдаланушылар есебінен 1 % ғылымға, 1 % оқытуға бөлу бар. Оқытуға арналған 1 пайыз қаражатты оқу орындарына құрал-жабдық, ғимарат салуға және т.б. қызметтерге бөлуге рұқсат беру ережесі талқыланып жатыр. Бұл бұрын – соңды болмаған бастама, игі іс. Ал егер мұнайшылар контракттық міндетті ЖОО-мен бірге орындамаса бюджетке жібереді. Сол бюджетке жіберілген қаражат арқылы Академиялық артықшылық орталықтарына құрал-жабдық алу мәселесі шешімін табу қажет.

Ғылымға арналған 1 пайызды игеруде Жас ғалымдардың ұсынысы бар: жалпы бұл процесті үш саты деп қарастырсақ,

Бірінші. Жер қойнауын пайдаланушылардың техникалық тапсырмаларын алу;

Екінші. Техникалық тапсырманы шешу мақсатымен Жас ғалымдардың қатысуы және 500 тағылымдамаға баратын ғалымдар арқылы жобаны іске асыру үшін (еліміздегі ғалымдар потенциалы жетпейтін не жаңа бағыттар бойынша) шетелдік әріптестермен коллаборациялық байланыс орнату;

- Табылған шешімге сәйкес технология трансфертін жасау тетіктерін табу, іске асыру.

Шетелдегі қандас әріптестерімізді, соның ішінде жас ғалымдарды Ғылым комитеті ұйымдастыратын конкурстарына қатысу мүмкіндігін беру.

Өңірлерге ғалымдарды тарту бойынша арнайы бағдарлама қабылдану қажет деп ойлаймын, себебі облыстарда орналасқан ЖОО, шынын айту керек, профессор-оқытушы құрамының көп бөлігі зейнет жасында, бұған арнайы статистика жүргізілуі керек, облыс әкімдіктерімен бірлесе ғалымдарды өңірлерде әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша жағдай жасалу тиіс: әрине, пәтер мәселесі шешілу қажет. Сол уақытта ғана өңірлерде жағдай жақсара түседі, ғылым дами түседі, кәсіпорындармен тығыз байланыс орнайды. Бірнеше өңірді пилоттық түрде тәжірибе жасауға болады. Тек адами капиталға құйылған инвестиция тез жемісін беретінін бәріміз түсініп білеміз.

Тыңдағандарыңызға рахмет!!!